

ӨОЖ 331.453

МРНТИ 86.37

Білім алушы: Мағзумов М.С., студент

Ғылыми жетекші: Каирғалиев Е.К., ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі,

Әбдіғани Ә.Ө., техника ғылымдарының магистрі,

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ.

МАШИНА - ТРАКТОР АГРЕГАТЫН ТАСЫМАЛДАУ КЕЗІНДЕГІ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ

АННОТАЦИЯ

Тракторлар мен ауыл шаруашылығы машиналарын пайдалану процесінде олардың жұмысқа жарамдылығы біртіндеп төмендей береді, яғни жекелеген параметрлерді техникалық құжатта бекітілген аралықта сақтай отырып, берілген функцияларды орындау мүмкіндігі төмендейді. Машиналарды техникалық пайдалану оларға жұмсалатын материалдық және еңбек шығынын оптималды түрде жұмсап, жоғары өнімді және сенімді жұмыс істеу мақсатын көздеп машинаның техникалық күйін тиімді басқарудың жолдарымен әдістерін анықтады. Ауыл шаруашылығында пайдаланылатын техникалардың бәріне ортақ техникалық қызмет көрсетудің алдын-лау жоспарлы жүйесі қабылданған. Машина трактор паркіне техникалық қызмет көрсету жүйесі ысылтудан, техникалық қызмет көрсетуден, мерзімді техникалық байқаудан, жөндеуден және сақтаудан тұрады.

Кілт сөздер: машина-трактор паркі, тасымалдау, еңбек қауіпсіздігі, технологиялық карта, жанар май.

Кіріспе. Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемалары - Қазақстанда да көкейкесті мәселелердің бірі. Республиканың ұйымдарындағы еңбекті қорғаудың жай-күйі Үкіметтің және уәкілетті мемлекеттік органдардың тұрақты қадағалау нысаны болып табылады. Еліміздің кәсіпорындарында еңбекті қорғау жұмыстары заңдық және өзге де нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі кешенді жоспарлар мен санитарлық-сауықтыру іс-шараларына сәйкес жүзеге асырылады.

Жұмыс орындарындағы жазатайым оқиғалардың өсуіне жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуіне деген тиісті бақылаудың болмауы, жұмыскерлерді қауіпсіз жұмыс тәсілдеріне жеткілікті үйретпеу, қауіпсіздік талаптарының, еңбек және өндірістік тәртіптің орындалмауы да теріс ықпалын тигізіп келеді.

Жұмыс орындарындағы жазатайым оқиғалардың өсуіне жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуіне деген тиісті бақылаудың болмауы, жұмыскерлерді қауіпсіз жұмыс тәсілдеріне жеткілікті үйретпеу, қауіпсіздік талаптарының, еңбек және өндірістік тәртіптің орындалмауы да теріс ықпалын тигізіп келеді.

Зертеу әдістемесі мен материалдар. Еңбек қауіпсіздігінің стандарттары мен нормативтерін, ұсыныстарды, ережелерді, еңбек жағдайларының сараптамасын, т.б. еңбекті қорғау заңнамаларына сәйкес ғылыми тұрғыдан әзірлеуді қамтамасыз ету үшін Үкімет үстіміздегі жылы "Республикалық еңбекті қорғау жөніндегі ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы шешім қабылдады. Бұл жұмыс Қазақстанның Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің бағдарламасы шеңберінде жүргізілуде. Осыған байланысты жақын арада біздің көптеген алдыңғы қатардағы кәсіпорындарда еңбек қауіпсіздігінің халықаралық сертификаттары болуы тиіс. Сонымен қатар, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғаудың міндетті мониторингі енгізілуде.

Машина-трактор паркін пайдалану кезінде еңбек қауіпсіздігі жағдайын таңдау келесідей кемшіліктер жіберетінін көрсетеді:

1. Тракторлар мен агрегаттардың техникалық жағдайына жеткілікті назар аударылмайды, көптеген тракторлардың доңғалақтары тозған, ал бүйір шыныларының орнына фанера орнатылған, кабинаның есіктері бұзылған.

- трактор кабиналары герметикалық емес, ол кабинаға зиянды бу мен шаң кіруіне мүмкіндік береді, бұл механизатор денсаулығына теріс әсер келтіреді.

- трактор кабиналарында көбінесе қауіпсіздік техникасы ережелері бойынша болуға рұқсат етілмейтін аспаптар болады. Агрегаттар жұмыс органдарын күтіп баптауға арналған арнайы жабдықтармен қамтамасыздандырылмаған.

- сепкіш тұрағы жөнге келтірілмеген.

2. Агрегаттар мен тракторларды пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасы ережелері сақталмайды, айнымалы механизмдер қорғау қаптамаларымен жабдықталмаған. Агрегаттарды басқаруға тракторист-машинист куәліктері жоқ адамдар, сонымен қатар 18 жасқа толмағандар да жіберілмейді. Жарықтанудың электр жабдықтары түнгі ауысымда жұмыс істеу кезінде жұмыс істемейтіндігі. Агрегаттар техникалық құрылғылармен жабдықталмаған.

3. Өртке қарсы шараларды орындамау, көптеген тракторларда өрт сөндіргіштердің болмауы.

- өрт сөндіргіштердің дұрыс істемеуі немесе олардың өзінің қызметі бойынша қолданбау.

4. Механизаторлардың жұмыс уақыты мен демалыс уақытын пайдалануға жеткілікті назар аударылмайды.

- барлық аталған кемшіліктер жалпы алғанда немесе бөлек алығанда механизатор денсаулығының нашарлауына, еңбек өнімділігінің төмендеуіне әкеледі.

Зертеу нәтижелері. Еңбек қауіпсіздігі мен жұмыс жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстар өткізілген зерттеулер бойынша келесідей шараларды қабылдау қажет:

1. Жоғарыда аталған кемшіліктерді жою үшін еңбек қауіпсіздігі техникасы мен жағдайын жақсартуға бағытталған шаралар жүйесін жасау керек. Тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарының техникалық деректері бойынша, кейбір тракторларда рулдік басқаруға, жарықтандыру құралдарына, сонымен бірге сигнализацияға ерекше назар аударылған. Маңдай терезелері шыныларының беріктігін бақылау керек. Барлық пайдаланылатын машиналар есік тұтқаларымен, комбайндар мен жаткалардың айналмалы бөліктері қорғау қаптамаларымен жабдықталуы керек. Барлық агрегаттар өрт сөндіргіштермен және жабдықтардың толық жинағымен жабдықталуы керек. Бригадалар қорғау-жарықтандыру құралдарымен жабдықталуы керек. Бұл шаралар бригадалардағы жарақаттану деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді, сонымен қатар механикаландырылған жұмыстарды орындау кезінде еңбек қауіпсіздігі техникасы бойынша жағдайларды туғызады.

Автокөлік құралдарының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы қағидалары:

1) жаңа қауіпсіздік талаптарын қолданысқа енгізу өнеркәсіптерге жаңа талаптарға сәйкес келетін өнімді шығаруға ауысуға мүмкіндік беретін, экономикалық негізделген ауыспалы кезең өткеннен кейін ғана жүзеге асырылуы тиіс;

2) автокөлік құралдары құжаттарының түпнұсқаларын ұстаушылар:

- автокөлік құралдарының оларды дайындау аяқталғаннан кейін айналымға шығарылғанға дейін тексерілуі тиіс конструкциялық қауіпсіздік өлшемдерін;

- автокөлік құралдарының оларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу аяқталғаннан кейін тексерілуі тиіс пайдалану қауіпсіздік өлшемдерін;

- жоспарланған ресурстарды дайындау кезінде автокөлік құралдарын пайдалануды жалғастырудың қолжетімділігі өлшемдерін;

- оларға сәйкес болуы шығар алдындағы бақылауды орындау кезінде қамтамасыз етілетін талаптарды белгілейді.

Еңбектің санитарлық-гигиеналық жағдайларын жасау.

Бригаларды қажетті демалыс ғимараттары мен қамтамасыз ету және жағдай жасау. Себу және егістікті жинау кезеңдерінде жұмысшылардың демалуына арналған жылжымалы вагончиктермен қамтамасыз ету керек. Улы химикаттармен жұмыс істеуге 18 жасқа толмаған және улы химикаттармен байланысты жұмыстарды орындау бойынша арнайы дайындықтан өтпеген жұмысшылар жіберілмейді.

Қорытынды. Жарақаттану деңгейін төмендету жұмыс орындарында еңбектің қауіпсіз және нақты жағдайларын жасау бойынша мақсатты түрде жоспарлы жұмыстарды өткізу арқылы жүзеге асырылады.

Жұмыс алдындағы қауіпсіздік талаптары.

Машинаның қозғалыс маршруты мен жұмыс істеу учаскесі бойынша тапсырма алу керек, өнделетін учаскенің рельефін білу керек, бұрылыс және ауысу орындарын білу керек. Механизмдердің айналмалы бөлшектерінің сыртында қорғау қаптамаларының болуын тексеру керек, аспаптар, құралдар, жабдықтардың дұрыстығын тексеру керек, дәрігерлік аптечкалардың болуын, су бөлігінің ішінде су болуын тексеру керек.

Жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік талаптары.

Тракторды басқаруды осы тракторге бекітілмеген адамдарға беруге болмайды. Жұмыс органдары мен механизмдерін тексеріп реттеу керек, ақаулықтарды двигатель сөніп тұрғанда ғана жою керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Жүнісбеков П. Автомобильдерді жөндеу және техникалық қызмет [Текст]: учеб. для вузов // Жүнісбеков П., Жетпейісов М. - М.: - Астана, Фолиант, 2017. – 190 с

2 Алиев Б. Тракторлар мен автомобильдер құрлысы [Текст]: учеб. для вузов // Алиев Б. - М.: - Алматы: Наз 2015.

3 Жүнісбеков П. Ж. Автомобильдің құрылысы және пайдалануы [Текст]: учеб. для вузов // Жүнісбеков П. Ж. – М.: - Астана: Фолиант, 2017

4 Лауш П.В. Машиналардың техникалық күтімі және жөндеу бойынша практикум. - [Текст]: учеб. для вузов // Лауш П.В. – М.: - Агропромиздат, 2015 -32 с

5 Жүнісбеков П.Ж. Машиналарға техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу [Текст]: учеб. для вузов // Жүнісбеков П.Ж. – М.: Алматы Фолиант, 2007 – 84с

6 Жүнісбеков П.Ж. Машиналарды пайдалану және құрылысы [Текст]: учеб. для вузов // Жүнісбеков П.Ж. – М.: Алматы «Фолиант» 2017 – 63 с

7 Андреев П.А. Мал шаруашылығындағы машиналар мен жабдықтардың техникалық күтімі [Текст]: учеб. для вузов // Андреев П.А. М. Россельхозиздат, 1980ж.

8 Бабусенко С. М. «Тракторлар мен автомобильдерді жөндеу» [Текст]: учеб. для вузов // Бабусенко С. М. – М.: Агропромиздат, 2017 – 18 с

9 Бельских В.И. Тракторларды диагностикалау және техникалық күтім бойынша анықтамалар [Текст]: учеб. для вузов // Бельских В.И. – М.: Россельхозиздат, 2016 – 34 с

РЕЗЮМЕ

В процессе эксплуатации тракторов и сельскохозяйственных машин постепенно снижается их исправность, то есть снижается способность выполнять заданные функции при сохранении определенных параметров в пределах интервалов, указанных в техническом документе. Техническое использование машин определило пути и методы эффективного управления техническим состоянием машин с целью оптимального расходования затрачиваемых на них материальных и трудовых затрат, с целью обеспечения высокой производительности и надежной работы. Принята общая для всей сельскохозяйственной техники система планов профилактического обслуживания. Система технического обслуживания машинно-тракторного парка состоит из прогрева, технического обслуживания, периодического технического осмотра, ремонта и технического обслуживания.